

Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 611 "2021-2023 жылдарға арналған Шалқар қалалық бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2021 жылғы 8 шілдедегі № 82 шешімі . Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 15 шілдеде № 23556 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. "2021-2023 жылдарға арналған Шалқар қалалық бюджетін бекіту туралы" Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 611 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7884 тіркелген) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2021-2023 жылдарға арналған Шалқар қалалық бюджеті тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2021 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 496295,7 мың теңге:

салықтық түсімдер – 66760,0 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 0 мың теңге;

трансферттердің түсімдері – 429535,7 мың теңге;

2) шығындар - 504789,0 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттер – 0 мың теңге:

бюджеттік кредиттер – 0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге:

қаржы активтерін сатып алу – 0 мың теңге;

қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -8493,3 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 8493,3 мың теңге

:

қарыздар түсімдері – 0 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 0 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 8493,3 мың теңге.";

5 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"5. 2021 жылға арналған қалалық бюджетке аудандық бюджеттен мынадай ағымдағы нысаналы трансферттер түскені көзделсін:

қаланы көркейтуге – 48052,0 мың теңге;

автомобиль жолдарын күтіп-ұстауға және жөндеуге – 328662,7 мың теңге.

Ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу Шалқар қаласы әкімінің шешімі негізінде айқындалады.";

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Шалқар аудандық
мәслихатының хатшысы

С. Бигеев

Шалқар аудандық мәслихатының 2021
жылғы 8 шілдедегі № 82 шешіміне
қосымша

Шалқар аудандық мәслихатының 2021
жылғы 29 желтоқсандағы № 611
шешіміне 1-қосымша

2021 жылға арналған Шалқар қалалық бюджеті

Санаты		Сыныбы		Сомасы, мың теңге
		Ішкі сыныбы		
			Атауы	
			I. Кірістер	496295,7
1			Салықтық түсімдер	66760,0
	01		Табыс салығы	9040,0
		2	Жеке табыс салығы	9040,0
	04		Меншікке салынатын салықтар	57660,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	1860,0
		3	Жер салығы	6000,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	49800,0
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	60,0
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	60,0
4			Трансферттердің түсімдері	429535,7
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	429535,7
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	429535,7
II. Шығындар				504789,0

01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	89572,2
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	89572,2
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	89572,2
			001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	89572,2
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	78717,0
	3			Елді-мекендерді көркейту	78717,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	78717,0
			008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	30508,0
			009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	2666,0
			011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	45543,0

12				Көлік және коммуникация	336499,7
	1			Автомобиль көлігі	336499,7
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	336499,7
			013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	9837,0
			045	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеу	326662,7
15				Трансферттер	0,1
	1			Трансферттер	0,1
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	0,1
			048	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	0,1
				III. Бюджет тапшылығы (профициті)	(-8493,3
				IV. Бюджет тапшылығын	

			қаржыландыру (профицитін пайдалану)	8493,3
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	8493,3
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	8493,3
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	8493,3

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК